

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының тізбесін, сондай-ақ осындай лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 443 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 774 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2015 № 774 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 46) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының тізбесі;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандарына қойылатын біліктілік талаптарын бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>	Республикасы
Үкіметінің		
2011 жылғы	25	сәуірдегі
№ 443	қаулысымен	
бекітілген		

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы.
2. Авиациялық қауіпсіздік қызметі басшысының орынбасары.
3. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеру бөлімшесі.
 - 1) қарап тексеру бөлімшесінің бастығы;
 - 2) қарап тексеру бөлімшесі бастығының орынбасары;
 - 3) қарап тексеру бөлімшесінің ауысым бастығы;
 - 4) қарап тексеру бөлімшесінің инспекторы;
- 5) техникалық жабдықтау және қауіпсіздік құралдары жөніндегі инспектор.
4. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің қауіпсіздік бөлімшесі:
 - 1) қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы;
 - 2) қауіпсіздік бөлімшесі бастығының орынбасары;
 - 3) қауіпсіздік бөлімшесінің ауысым бастығы;
 - 4) қауіпсіздік бөлімшесінің инспекторы;
- 5) қызметтік иттердің инспектор-вожатыйы (патрульдік-іздеу итінің ж е т е к ш і с і) ;
 - 6) бақылау және бейнебақылау пунктіннің инспекторы.
5. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің рұқсаттама бюросы:
 - 1) рұқсаттама бюросының бастығы;
 - 2) рұқсаттама бюросының инспекторы.
6. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің әкімшілік бөлімшесі:
 - 1) әкімшілік бөлімшесінің бастығы;
 - 2) әкімшілік бөлімшесінің инспекторы.
7. Оқыту жөніндегі нұсқаушы-үйлестіруші.
8. Сапаны бақылау аудиторы.
9. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі жауапты тұлға.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 5

с ә у і р д е г і

№

4 4 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандарының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары

1. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысына қойылатын біліктілік т а л а п т а р ы :

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 2) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім. Қазақстан Республикасының

Президентін және өзге де қорғалатын тұлғаларды тасымалдауды жүзеге асыратын авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің келісімі бойынша тағайындалады.

3) жоғары білім («Білім туралы» ҚР Заңының 39-бабына сәйкес құжаттармен расталады);

4) жасы кемінде 25 жаста;

5) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырумен байланысты мемлекеттік органдарда кемінде 5 жыл қызмет өтілі немесе авиация персоналы ретінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі немесе авиациялық қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымында (бұдан әрі – ИКАО) тіркелген азаматтық авиацияның жоғары оқу орындарында «Әуе көлігімен тасымалдау кезінде авиациялық қауіпсіздікті ұйымдастыру» мамандығы бойынша оқу нысанын (күндізгі немесе сырттай) бітіргеннен кейін авиациялық қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде кемінде 2 жыл жұмыс өтілі («Білім туралы» ҚР Заңының 39-бабына және Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 34-бабына сәйкес құжат түрінде расталады);

6) ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның оқу орны беретін авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы курсы бітіргені туралы сертификат;

7) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың болмауы.

2. Авиациялық қауіпсіздік қызметі басшысының орынбасарына қойылатын біліктілік талаптары:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;

2) жоғары білім («Білім туралы» ҚР Заңының 39-бабына сәйкес құжаттармен расталады);

3) жасы кемінде 25-жаста;

4) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырумен байланысты мемлекеттік органдарда кемінде 5 жыл қызмет өтілі немесе авиация персоналы ретінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі немесе авиациялық қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымында (бұдан әрі – ИКАО) тіркелген азаматтық авиацияның жоғары оқу орындарында «Әуе көлігімен тасымалдау кезінде авиациялық қауіпсіздікті ұйымдастыру» мамандығы бойынша оқу нысанын (күндізгі немесе сырттай) бітіргеннен кейін авиациялық қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде кемінде 2 жыл жұмыс өтілі («Білім туралы» ҚР Заңының 39-бабына және Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 34-бабына сәйкес құжат түрінде расталады);

5) ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның оқу орны беретін авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы курсы бітіргені туралы сертификат;

б) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың
б о л м а у ы .

3. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеру бөлімшесінің бастығына, авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеру бөлімшесі бастығының орынбасарына, авиациялық қауіпсіздік қызметінің қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына, авиациялық қауіпсіздік қызметінің қауіпсіздік бөлімшесі бастығының орынбасарына, авиациялық қауіпсіздік қызметінің әкімшілік бөлімшесінің бастығына, авиациялық қауіпсіздік қызметінің рұқсаттама бюросының бастығына, авиациялық қауіпсіздік қызметінің техникалық жабдықтау және қауіпсіздік құралдары жөніндегі инспекторына қойылатын біліктілік талаптары:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
2) жоғары (техникалық, заң) немесе орта (техникалық және кәсіби) білім («Білім туралы» ҚР Заңының 39-бабына сәйкес құжат түрінде расталады);

3) авиация персоналы ретінде кемінде 2 жыл жұмыс өтілі немесе авиациялық қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде кемінде 1 жыл жұмыс өтілі немесе ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның жоғары оқу орындарын «Әуе көлігімен тасымалдау кезінде авиациялық қауіпсіздікті ұйымдастыру» мамандығы бойынша оқу нысанын (күндізгі немесе сырттай) бітіргеннен кейін авиациялық қауіпсіздік саласында кемінде 1 жыл жұмыс өтілі («Білім туралы» ҚР Заңының 39-бабына және Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 34-бабына сәйкес құжат түрінде расталады);

4) ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның оқу орны беретін авиациялық қауіпсіздік бойынша курсты бітіргені туралы сертификат;

5) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың
б о л м а у ы .

4. Қызметтік иттердің инспектор-вожатыйына (патрульдік-іздеу итінің жетекшісіне) қойылатын біліктілік талаптары:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;

2) негізгі орта, орта немесе жоғары білім;

3) кинолог курстарында оқығандығын растайтын құжат;

4) ж а с ы к е м і н д е 2 0 ж а с т а ;

5) ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның оқу орны беретін авиациялық қауіпсіздік бойынша курсты бітіргені туралы сертификат;

б) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың
б о л м а у ы .

5. Қарап тексеру бөлімшесінің ауысым бастығына, қауіпсіздік бөлімшесінің ауысым бастығына, қауіпсіздік бөлімшесінің ауысым бастығына, қарап тексеру бөлімшесінің инспекторы мен қауіпсіздік бөлімшесі инспекторына, бақылау және бейнебақылау пунктінiң инспекторына, рұқсаттама бюросының

инспекторына, әкімшілік бөлімшесінің инспекторына қойылатын біліктілік талаптары :

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 2) негізгі орта, орта немесе жоғары білім («Білім туралы» ҚР Заңының 39-бабына сәйкес құжат түрінде расталады);
- 3) жасы кемінде 20 жаста;
- 4) ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның оқу орны беретін авиациялық қауіпсіздік бойынша курсты бітіргені туралы сертификат;
- 5) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың болмауы .

6. Оқыту жөніндегі нұсқаушы-үйлестірушіге, сапаны бақылау аудиторына қойылатын талаптар :

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 2) жоғары немесе орта (техникалық және кәсіби) білім («Білім туралы» ҚР Заңының 39 бабына сәйкес құжат түрінде расталады);
- 3) авиациялық қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі ;
- 4) жасы кемінде 25 жаста ;
- 5) ИКАО оқу орталықтары беретін авиациялық қауіпсіздік бойынша курсты бітіргені туралы сертификат ;
- 6) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың болмауы .

7. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі жауапты тұлғаға қойылатын талаптар:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 2) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім;
- 3) жоғары немесе орта (техникалық және кәсіби) білім («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес құжат түрінде расталады);
- 4) авиациялық қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе авиация персоналы ретінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі немесе ИКАО-да тіркелген азаматтық авиациясының жоғары оқу орындарында «Әуе көлігімен тасымалдау кезінде авиациялық қауіпсіздікті ұйымдастыру» мамандығы бойынша оқу нысанын (күндізгі немесе сырттай) бітіргеннен кейін авиациялық қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде кемінде 1 жыл жұмыс өтілі («Білім туралы» ҚР Заңының 39-бабына және Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 34-бабына сәйкес құжат түрінде расталады);
- 5) ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның оқу орны беретін авиациялық қауіпсіздік бойынша курсты бітіргені туралы сертификат;
- 6) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылықтың болмауы .

8. Авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшыларын, азаматтық авиация ұйымының авиациялық қауіпсіздігі бойынша жауапты адамдарды тағайындау үшін жұмыс өтілін және бұрын ұйымдарда (министрліктер мен ведомстволарда) атқарған қызметтерін көрсете отырып, ұсынымды ресімдейді және ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне келісуге жібереді. Мынадай құжаттар талап етіледі:

- 1) ұсыным;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның оқу орны беретін сертификаттың көшірмесі («Әуе көлігімен тасымалдау кезінде авиациялық қауіпсіздікті ұйымдастыру» мамандығы бойынша ИКАО-да тіркелген азаматтық авиацияның жоғарғы оқу орындарының түлектері үшін дипломды алған күннен бастап үш жыл ішінде сертификатты ұсыну талап етілмейді);
- 4) оқу орнын бітіргені туралы дипломның (куәліктің) көшірмесі;
- 5) жұмыс өтілін растайтын құжат;
- 6) 4 x 5 см өлшемдегі 3 фотосурет (бас киімсіз).